



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ЕЛОРДАНЫҢ ЖЫЛНАМАСЫ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астананың 25 жылдығы. Жаңа даму бағыттары. Жаңа мүмкіндіктер» атты елорданың бауырлас қалалары форумының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, жиынға қатысып отырған бауырлас қалалардың басшыларына, әлемнің бірнеше елінен арнайы келген мәртебелі меймандарға ілтипат білдіріп, Астананың 25 жылдық қалыптасу тарихына қысқаша тоқталды.

– Бұл – мерейлі белес. Біз ширек ғасыр бұрын астанамызды Алатаудың баурайынан Арқа төсіне көшірдік. Есілдің жағасына ел қондырып, жаңа қаланың іргесін қаладық. Бүгін осы маңызды жиынға елорданың бұрынғы әкімдері, қаламыздың құрметті тұрғындары, еңбек ардагерлері, мәдениет, ғылым, спорт қайраткерлері, ғалымдар, ұстаздар, мемлекеттік қызметшілер қатысып отыр. Олар Тәуелсіз Қазақстанның тірегі болған Астананың құрылысына белсене атсалысты, кеңес заманындағы ескі



шаһардың қазіргі заманға сай озық қалаға айналуына зор үлес қосты. Мен баршаңызға шынайы алғыс айтамын. Шын мәнінде, Астана қаласының салынуы – Тәуелсіз Қазақстанның тарихында айрықша мәні бар оқиға болды. Өздеріңізге мәлім, елорданы көшіру оңай болған жоқ, қомақты жұмыс істелді. Бұл шешім өте күрделі кезеңде қабылданды. Ел экономикасы тоқырауда болды. Жұрт нарықтық қатынастарға толық бейімделмеген кез еді. Осындай қиын жағдайда Жоғарғы Кеңес Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасы бойынша астананы Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Бас қаламыз ресми түрде 1997 жылы 10 желтоқсанда көшірілді. Ал осыдан 25 жыл бұрын 6 мамырда Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. Елорданың жылнамасы Тәуелсіз Қазақстанның шежіресімен тығыз астасып жатыр. Шын мәнінде, астананы көшіру геосаяси тұрғыдан өте дұрыс қадам болды. Бұл – халқымыздың болашақ тағдырын айқындаған аса маңызды және дер кезінде қабылданған тарихи шешім, – деді Президент.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер, ардақты ағайын! Сіздерді Астана күнімен құттықтаймын! Өткен ширек ғасырда бас қаламыз әлемдегі ең озық, қарыштап дамыған шаһарлар қатарына қосылды. Құрылу, қалыптасу, өркендеу сатысынан өтіп, еліміздің әкімшілік және іскерлік орталығына айналды.

Барша қазақстандықтарды ортақ идеяға, рухани тұтастыққа біріктірді. Мемлекетіміздің тәуелсіздігінің символына және жаһандық табысына негіз болды.

Сәулет өнерінің озық үлгілері бой көтерген, әлемдік деңгейдегі экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік маңызы бар шаралар өткізілетін қала болып қалыптасты. Еуразия кеңістігіндегі мәдени және зияткерлік орталыққа, еліміздің орнықты дамуының басты қозғаушы күшіне айналды.

Бүгінде Сарыарқа төсіндегі елордамыз кең-байтақ қазақ даласының жүрегі іспетті. Қалалар мен аудан орталықтары, ауылдар Астанаға қарап бой түзейді. Бас қаланың тыныс-тіршілігі, өсіп-өркендеуі, ұлт мұраты жолындағы бастамалары бүкіл елдің назарында.

Өткен жиырма бес жылда еліміздің әр түкпірінен мыңдаған отандастарымыз елорда тұрғыны болуға ұмтылғаны белгілі. Олардың қатарында сұрбойлықтар да Астанамыздың өркендеуі мен гүлденуіне қомақты үлес қосып келеді.

Бүгінгі мерекеде баршаңызға мықты денсаулық, жарқын жетістіктер мен құт-береке тілеймін. Елордамыздың еңсесі бүгінгіден де биіктеп, жарқырап-жайнай берсін!

Құрметпен,
облыс әкімі Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ

ШИРЕК ҒАСЫР ШҰҒЫЛАСЫН ТАРАТҚАН



Қазақ даласының төрінде жатқан Астананың елорда атанғанына биыл ширек ғасыр толып отыр. Бұл қат-қабат тарих қатпарында қас-қағым сәт секілді көрінетін шығар. Ал тәуелсіз еліміздің дамуында ерекше маңызды мәнге ие кезең ретінде бағаланады. Бүгінде Астана идея мен шындық тоғысқан, сәулеті мен дәулеті келіскен, жастық пен сұлулықтың символы атанған шырайлы шаһарға айналды. Еуразияның жүрегінде орналасқан бас қаламыз – еліміздің жаңа беттері, тәуелсіздіктің толғауы, азаттықтың айшығы. Қазақ даласындағы қалалар елордаға қарай бой түзеп келеді. Қысқа уақыт ішінде елордамыз әлемнің алдыңғы қатарлы астаналарының қатарына қосылып үлгерді.

Осылайша азаттықтың шұғылалы шуағына шомылған Алаш жұрты үшін Астана береке мен бірліктің бастауына айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданың дамуына, сәулеті мен дәулетінің артуына ерекше маңыз беріп келеді.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

3-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

«МІНДЕТІМІЗ – ЕГІНДІ СУДАН ҚАЛДЫРМАУ»



ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында вегетациялық кезеңнің өту барысы мен бизнес-ахуалды жақсарту шаралары талқыланды.

Жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев баяндама жасап, биыл облыс бойынша 195,9 мың гектарға егін егілгенін атап өтті. Оның ішінде негізгі дақыл – күріш көлемі 88,1 мың гектар, бұл өткен жылмен салыстырғанда 9,5 мың гектарға артық.

Премьер-министр дақылдарды кезекпен суаруды ұйымдастырып, қайтарымды суды пайдаға жаратуы тапсырды.

Үкімет отырысынан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Премьер-министр

тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізді. Аймақ басшысы өткен жылы облыста суармалы су тапшылығы салдарынан қажетті су көлемі болмағанын айтты. Бірқатар қиындықтар

туындағанын, бұл жағдайдың биыл да қайталануы мүмкін екенін қаперге салды.

– Бәрімізге мәлім, күріш шаруашылығы – өңір халқының бірден-бір тіршілік көзі. Ендігі міндетіміз – диқанарымыздың аптап ыстыққа қарамастан, маңдай терімен егін егін судан қалдырмау. Сондықтан егісті тұрақты суаруға бөлінген су лимитін ысырап етпей, барынша үнемдеп пайдалануымыз керек. Бұл мәселе бойынша бұған дейін бірнеше рет мәжіліс өткіздік және нақты тапсырмалар берілді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе – ел экономикасының әлеуетін көтеру үшін шағын және орта бизнесті дамытуға басымдық беру. Облыс әкімі аймақта осы сектордың экономикадағы үлесі әлі де төмен екенін айтты. Ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту маңызды міндеттің біріне айналуы керек. Аймақ басшысы ауыл тұрғындарына, жастарға мемлекет тарапынан ұсынылатын мүмкіндіктерді кеңінен ақпараттандыруды тапсырды.

Қызылорда қаласы және аудан әкімдері индустриялық аймақтарды сапалы жобалармен толықтыру үшін тиісті шаралар қабылдауы керек. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына Қызылорда облысын дамыту орталығы және «Байқоңыр» корпорациясымен бірлесіп, индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясын құру бойынша жұмысты үйлестіру жүктелді.

9 ШІЛДЕ – СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚҰРМЕТ

Су шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай облыс әкімдігінде салтанатты шара өтті. Онда облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов сала ардагерлері мен мамандарын марапаттап, төл мерекемен құттықтады.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

– Баршаңызды су шаруашылығы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» деген халықпыз. Сыр елінің күнкөріс тіршілігі – су мен жердің тілін, ауа райының құбылысын жазбай танитын, ел құрметіне бөленген атақты мұраптар болған. Ауыл шаруашылығына бейімделген аймағымызда кезінде 200 мың гектардан астам жер тегістеліп, жүздеген канал мен су құрылыстары салынды. Күршіті, ырысты Қызылорда атануымызға ардагерлердің сіңірген еңбегі өлшеусіз. Бір кездері Одақтың тарауымен

егін шаруашылығындағы жүйе бұзылып, бұл сала тоқырауға ұшыраған еді. Қазір қайта жанданды, салада зор серпіліс бар.

Ауыл шаруашылығына ең бірінші керегі – су. Оның мақсатты пайдаланылуын реттеп, тиімділігін арттыруға су мамандарының қосар үлесі мол. Табиғаттағы су қорларын үнемді пайдаланып, сақтай білуіміз керек. Бұны өз ретімен, жүйесімен кәсіби мамандар ғана жүзеге асыра алады. Бүгінде күнкөріс ауыл шаруашылығы өндірісіне, яғни суармалы суға тікелей байланысты Сыр диқанарын

сумен қамтамасыз етуде қиыншылықтар туындап отырғаны бәрімізге белгілі. Сушыларымыздың алдында тұрған міндет – суды тиімді пайдалану арқылы қолда бар егістікті қамтамасыз ету және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу. Сыр өңірі су шаруашылығының жағдайын жақсартуға ерекше назар аударылып, күріш танаптарын тегістеу, суды бөлу мен есепке алуды автоматтандыру, суару жүйелерін қайта жаңғырту мен модернизациялау шаралары қабылданды. Күннің ыстық-суығына қарамай аянбай еңбек етіп жүрген сушыларымыздың еңбегіне құрмет көрсету – біз үшін үлкен абырой.

Құрметті ардагерлер, сала қызметкерлері, Сыр өңірінің су шаруашылығы саласын дамыту жолындағы атқарып жатқан ерен еңбектеріңізге табыс, зор денсаулық, отба-

сыларыңызға амандық тілеймін, – деді С.Қожаниязов.

Шарада сала ардагерлері Дәулетияр Баялимов және Айтбай Көшербаев саладағы өзекті мәселелер жайында сөз қозғап, әріптестерін мерекемен құттықтады. Бірқатар қызметкерлер мен ардагерлер Арал өңірі қазақстандық бөлігінің су шаруашылығы, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелерін шешуге зор үлес қосқаны үшін халықаралық Аралды құтқару қоры атқару комитетінің төрағасы Сұлтон Рахимзоданың Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясының «Арал теңізін құтқаруға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті төрағасының және облыс әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

ЕЛОРДАНЫҢ ЖЫЛНАМАСЫ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Тұңғыш Президенттің осы бастамасы жаңа ұлттық идеяға айналғанына назар аударып, Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегіне лайықты, әділетті баға беру керек екенін айтты. Президенттің пікірінше, Әділетті Қазақстанда ақтық ақ, қараны кара деу қажет, басқа сөзбен айтқанда, ненің шындығы, ненің өтірік екенін ажырата білу керек. Бұл – еліміздің болашағына тікелей қатысы бар мәселе.

Мемлекет басшысы жаңа елордамыз Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне тың серпін бергенін, жаңару мен жаңғыруға жол ашқанын, бас қаламызда көптеген іс-шаралар ұйымдастырылғанын, дінаралық диалог пен рухани дипломатияның ордасына айналғанын атап өтті. Сондай-ақ Астананы бірлік пен берекенің бесігі деуге толық негіз бар екенін, бұл қалада ең маңызды шешімдер қабылданатынын, болашақта да солай бола беретінін жеткізді.

– Астана – болашағы зор қала. Осы орайда, біз «жасыл қала» идеясын жүзеге асыруға айрықша мән береміз. Елордамыз, ең алдымен, тұрғындарға ыңғайлы қала болуы керек. Астана – аймақтағы ірі қаржы орталығы. Әлемнің 75 елінің екі мыңнан аса компаниясы бизнес жүргізу үшін Астана халықаралық қаржы орталығын таңдады. Бүгінде Қаржы орталығы елімізге 8 миллиард доллар инвестиция тартты. Бұл – жақсы көрсеткіш. Әлемдік саясатшылар Астананы бейбітшілік алаңы дейді. Ұстанымыз бөлек, мүдделері қарама-қарсы елдер осында бітімге келді. Келешекте де Астана біздің геосаяси аймақтағы маңызды орталық ретінде дами бермек. Мен бұған кәміл сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, астаналар мен ірі мегополистер – мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің өзегі. Олар мемлекеттердің өркендеуіне жетекші рөл атқарады. Инвестицияларды, инновациялық технологияларды, ең бастысы, адами капиталды тарта отырып, қалалар орасан зор күш шоғырланатын ортаға айналады.

– Адамдар және олардың шығармашылық қуаты, бірегей білімі, креативті идеясы мен отаншылдық рухы – ұлт жетістігінің негізгі факторы. Сондықтан қалаларды тиімді басқару және урбанистикадағы жаңа үрдістерді жүйелі зерделеу қажет. Бұл мәселе болашақта ұмытылған әр мемлекет үшін, оның ішінде Қазақстан үшін де стратегиялық маңызға ие бола бастады. Орнықты даму саласындағы БҰҰ мақсаттарының бірі қаланы дамытуға арналған. Бұл кездейсоқ емес. Қазақстанда біз осы бағытқа ерекше назар аударамыз. Әлемнің жылдам дамып келе жатқан астаналарының қатарына кіретін елордамыз басқа қалалардың дамуына үлгі болады. Өткен ширек газарда еліміздің бас қаласының аумағы үш есе ұлғайып, халқының саны төрт есе өсті. Сарапшылардың болжамы бойынша елорда тұрғындарының саны 2030 жылға қарай екі миллионға жетеді. Ел астанасы мәртебесіне ие болған сөттен бері қаланың экономикалық әлеуеті 100 еседен астам артты. Қазір қала экономикасы елдегі жалпы ішкі өнімнің 10 пайыздан астамын құрайды, – деді Мемлекет басшысы.

Алайда үлкен көрсеткіштер қаланың үйлесімді дамуымен үнемі сәйкес келе бермейді. Президенттің пікірінше, мегополистердің табысты болуының басты көрсеткіші оның тұрғындарының өмір сүру сапасымен өлшенуге тиіс. Сондықтан елорданы дамыту және абаттандыру кезінде «адам қала үшін емес, қала адам үшін» қағидатын басшылыққа алу маңызды.

– Астананың барша тұрғыны мен қоғамы үшін қалада барынша қолайлы орта қалыптастыру – аса маңызды мәселе. Біз бәріне тең мүмкіндік берілетін қоғам құру жолын таңдадық және осы бағытта дамып келеміз. Сондықтан өзара жауапкершілік пен азаматтық ынтымақтастыққа негізделген инклюзивті дамуға айрықша мән береміз. Білім беру, денсаулық сақтау нысандары, мәдени-демалыс мекемелері, саябақтар мен қоғамдық орындар қаланың барлық тұрғынына бірдей қолжетімді болуға тиіс. Әсіресе, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған қала инфрақұрылымының қолжетімділігін арттыру керек. Бұл бағыттағы жұмыстарды әлі де жетілдіре түсу қажет. Оны мойындауымыз керек. Біз қала аудандарын дамыту ісіндегі теңсіздікті жоспарлы түрде жоюымыз керек. Орталық көшелерді ғана жарқыратып қойып, қаланың шеткері аудандарына көңіл бөлмеу әділетті қоғам идеясына сай келмейді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қалаларды барынша сапалы басқару ісінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын технологияның рөліне айрықша тоқталды.

– «Ақылды қала» тұжырымдамасын жүзеге асыру азаматтарға жаңа цифрлық қызмет ұсынуға, ғимараттардың энергия тұтыну тиімділігін айтарлықтай жетілдіруге, сондай-ақ көлік ағынын түбегейлі оңтайландырып, көшедегі қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді. Бұл – біз үшін ең өзекті міндет. Сонымен қатар адамдарға өзара тығыз байланыс орнатуға көмектесіп, азаматтар мен бизнестің қаладағы өзекті проблемаларды көтеріп, оларды шеше алатын белсенді қоғамдастық құру ісіне атсалысуына ықпал етеді. Астана бұл бағытта дамып келеді және бірқатар жетістікке жетті. Intelligent Community Forum беделді халықаралық ұйымының мәліметі бойынша елорда әлемдегі ең интеллектуалды қоғамдастықтың бірі ретінде озық 21 шаһардың қатарына енді. Сонымен қатар қаламызда Орталық Азиядағы ең ірі Astana Hub халықаралық IT-стартаптар технопарк құрылды. Бұл технопарк тек еліміздің ғана емес, бүкіл аймақтың цифрлық трансформациясына елеулі үлес қосады, – деді Мемлекет басшысы.

Сөзін қорытындылай келе, Президент елімізде Әділетті Қазақстан құру үшін ауқымды институционалдық өзгерістер жүзеге асырылып жатқанына назар аударып, маңызды саяси реформалар нәтижесінде азаматтардың мемлекеттік, әсіресе, жергілікті жерде шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігі едәуір кеңейгенін атап өтті.

– Еліміздегі қала тұрғындары енді өздері сыйлайтын өрі сенетін депутаттарды таңдау мүмкіндігіне ие болды. Бұл жауапкершілігі мол азамат қағидаттарын орнықтыруға елеулі үлес қосады. Адамдардың өз қаласындағы тұрмыс-тіршілікті жақсарту ісіне ықпал етуге мүмкіндік береді. Алайда қоғамның құндылықтар жүйесі жаңғырмай, барлық реформамыздың мәні болмайды. Бұған кәміл сенемін. Қазақстанның орнықты дамуы үшін дүниетаным парадигмалары түбегейлі өзгеріп, адамдардың мінез-құлық моделі жаңаруы қажет. Сондықтан мен жастарға, қалалар мен елорданың жас тұрғындарына үлкен үміт арттымын, – деп түйінді сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар жиында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Рабат қаласының мэрі Асмаа Рхлалу (Марокко), Нусантара қаласы ұлттық астаналық басқармасының басшысы Бамбанг Сувантоно (Индонезия), Пенза облысының губернаторы Олег Мельниченко (Ресей), Бразилия Федералды округінің мемлекеттік хатшысы Фелипе Рамон Моро Родригез (Бразилия), Бишкек қаласының мэрі Эмильбек Әбдіқадыров (Қырғызстан), Белград қаласының вице-мэрі Весна Видович (Сербия) сөз сөйледі.

1-бет

«Қызылорда облысы бойынша 2023 жылғы III тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері 30 434 теңгені құрайды».

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛУЫ ҚАЖЕТ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырыста облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Т.Дүйсебаев субсидиялау мен инвестициялаудағы, жайылымдар мен шабындықтарды дамытудағы, жер бөлудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы баяндады.

Мемлекет аграрлық саланы қолдауға жыл сайын қомақты қаржы бөліп келеді. Аймақ басшысы қаржының мақсатты жұмсалыуы мен жер учаскелерін табыстауда сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін жұмыс қарқынды әлі де күшейту керектігін айтты.

Саладағы жіті мән беретін

мәселе – шаруашылықтар пайдаланатын тыңайтқыштар құнын субсидиялау. Жаңа қолданыстағы субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне сәйкес шаруа қожалықтары тыңайтқыш нормасын көрсететін мәліметті дербес өздері енгізеді. Кейбір субсидия алушылар жүйеге мәлімет енгізгенде қателіктерге жол беріп, артық қаржы төлену тәуекелін туындатады. Жүйедегі кемшіл тұстардың салдарынан мемлекеттік қызметші жауапқа тартылуы ықтимал. Сондықтан басқарма басшысына саладағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау және

тәуекелдерді болдырмау үшін қажетті шаралар қабылдау тапсырылды. Анықталған құқық бұзушылықтарды қалпына келтіру, алдын алу және жою бойынша департаментпен бірлесіп бекітілген іс-шаралардың уақытылы орындалуын қамтамасыз ету керек.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы О.Ысқақов өткен жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған жұмыстар мен медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу саласына жүргізілген талдаулар туралы баяндады.

Өз кезегінде аймақ басшысы әлеуметтік желідегі сыни пікірлердің көбісі дәрігерлердің қызметіне байланысты екенін атап өтіп, саладағы кемшіліктерге баса назар аударуды қатаң тапсырды.

– Денсаулық сақтау саласында халық ықыласына бөленген білікті дәрігерлер аз емес. Алайда, қоғамда «ақша бермесен, дәрігер қарамайды» деген пікірлер де бар.

Еміздеп келген науқастардың жақындары «дәрігерлер оң көзімен қарасын» деген ниетпен, түрлі жолмен алғысын жеткізетінін жоққа шығара алмаймыз. Қоғамда қалыптасып қалған біржақты пікірлерді жоюға бар күш-жігеріңізді жұмсап, халық үніне құлақ аса отырып, дәрігерлер мен тұрғындар арасында дәнекер болуыңыз қажет. Бұл бағытта

сындарлы диалог орнатудың тиімді тетіктерін қарастырып, жаңадан ұсыныс енгізіңіз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мұнан бөлек, облыс әкімі жауапты басшыларға денсаулық сақтау және білім салаларында анықталған жалған ақпарат беру арқылы мемлекет қаржысын жымқыру фактілері бойынша шұғыл шара қабылдауды міндеттеді.

Балабақшаларға қаражат бөлуде көлеңкелі әрекеттерге жол берілген. Нақты тізімде жоқ «аудағы» балалар үшін қаржы аударылған. Жеке балабақшалар балалар тасымалын ұйымдастыруда қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзып, зерделеу тобы мүшелеріне, тіпті полиция қызметкерлеріне бағынбау деректері орын алды.

Кейбір кәсіпкерлер балабақша тіркелген мекен-жайдағы ғимаратты тұрғын үй есебінде пайдаланса, кейбіреуі азық-түлік дүкенін ашқан. Балабақша ғимаратының бір бөлігіне АРТ спорт үйірмелерін ұйымдастырып келгендер де бар.

Аймақ басшысы саладағы құқықбұзушылықтарды қалпына келтірумен тек білім басқармасы емес, құқық қорғау және басқа да құзырлы мемлекеттік органдар бірлесіп айналысуы қажет екенін ескертті. Өйткені баланың білімі мен тәрбиесіне бөлінген қаражат кәсіпкердің өз мүддесіне емес, түпкі мақсатына сай жұмсалыуы тиіс.

АППАРАТ БАСШЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР САНАТЫНА ЕНДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында Президенттің мемлекеттік аппарат қызметін оңтайландыру туралы тапсырмасына сәйкес облыс әкімі аппарат басшыларының басқару жүйесіндегі мәртебесі мен рөлі күшейтілгені хабарланды. Осы ретте қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.

– Өзгерістерге сәйкес облыс әкімі аппаратының басшылары «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің мемлекеттік саяси қызметшілер санатына ауыстырылды. Оларға жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға жетекшілік жасау бойынша өкілеттіктер берілді. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі негізінде облыс әкімінің өкімімен Байманов Шахмардан Асқарұлы облыс әкімі аппаратының басшысы мемлекеттік саяси лауазымына тағайындалды, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мемлекеттік саяси қызметші ретінде Шахмардан Асқарұлы аппарат қызметіне басшылық жасаумен қатар, өңірдің қоғамдық-саяси саласына, оның ішінде қоғамдық даму, мәдениет және спорт, дін мәселелері басқармаларына жетекшілік етеді.

Аймақ басшысы Шахмардан Асқарұлын құттықтап, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҒЫ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУДЫҒЫ 2023 ЖЫЛДЫҒЫ III ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Кожаниязов Серік Салауатұлы (облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау; «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жетекшілік жасайды. Сонымен қатар, облыстың құрық қорғау және арнайы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздікті және тәртіпті сақтау жұмыстарын үйлестіреді)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Санысбайұлы Балмейір (облыстық бақылау жөніндегі, мемлекеттік сапаны алу, ветеринария, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Сақтанов Нұрлыбек Аманұлы (облыстық экономика және қаржы, білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының қызметіне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Нұртай Қайрат Ырзақұлды (Байқоңыр қаласының әкімшілігі, Төретам кенті және Ақай ауылдық округі әкімінің аппараттары арасында өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру, Төретам және Ақай елді мекендерін дамыту мәселелері)	Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі	Әр айдың 1-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Байманов Шахмардан Асқарұлы (облыстық қоғамдық даму, мәдениет және спорт, дін істері басқармаларының қызметіне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімі аппаратының басшысы	Әр айдың 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы

Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 40-11-91 (7046). Қызылорда облысы әкімінің аппараты

ТАҒАЙЫНДАУ

ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында кадрлық өзгерістер таныстырылды. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аппарат басшысының бұйрығымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің «Байқоңыр» кешені бойынша департаментінің басшысы лауазымына Құдайбергенов Ринат Мәжитұлы тағайындалды.

Аймақ басшысы Ринат Мәжитұлының экономика және қаржы саласындағы мол тәжірибесін атап өтіп, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

– Ринат Мәжитұлы – аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалымен етене таныс, мемлекеттік қызметте сатылап өскен, әлеуеті жоғары кадр. Көп жылдар бойы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басым бағыттары мен стратегиялық мақсаттарын айқындайтын экономика және қаржы басқармасында табанды еңбек етіп, басты индикаторларға және межелі міндеттерге қол жеткізді. Басқарма басшысының орынбасары ретінде Үкімет қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің кешенді жоспарында көрсетілген міндеттерді орындауға өз үлесін қосты. Ол жаңа қызметте «Байқоңыр» кешенінің аумағында орналасқан республикалық мүлікке, оған мемлекет құқықтарын, жекешелендіруді іске асыру саласына басшылық жасайды. Ринат Мәжитұлы, Байқоңыр аумағындағы әрбір мәселе Президенттің тікелей бақылауында. Сондықтан өзіңізге сеніп тапсырылған жұмысты абыроймен атқарады деп есептейміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Ринат Мәжитұлы 1980 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Халықаралық экономикалық қатынастар экономикасы» және «Құқықтану» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2002 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің кафедра ассистенті ретінде бастаған. 2003-2012 жылдары облыстық экономика басқармасының жетекші маманы, бас маманы, облыс әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы ретінде жұмысты үйлестіре білді. 2012-2022 жылдары облыстық қаржы басқармасы басшысының орынбасары, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары лауазымдарында еңбек етті.

2022 жылдан бастап осы кезге дейін облыстық экономика және қаржы басқармасы басшысының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

БАСҚАРМАНЫҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ

Үкімет отырысынан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жиында кадрлық өзгерістер таныстырылды. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы директоры кеңесінің шешімімен басқарма төрағасы лауазымына Әбілтай Ғизат Майданұлы тағайындалды.

Аймақ басшысы Ғизат Майданұлын құттықтап, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

– Бүгінде корпорацияның алдына қойылған маңызды міндеттер мен алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар жеткілікті. Өңірге инвестиция тарту, жаңа инвестициялық, ұлттық жобалар мен шағын индустриалды парктар жобасын жүзеге асыруда орнықты шешімдер қабылдап, тиісті шаралар атқару кезек күттірмейді. Тұрақтандыру қорының жұмысына қатысты кемшіліктер де аз емес. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңірлік нарыққа келтіріп өрі үздіксіз жеткізу, арнайы дүкендер мен ірі сауда желілерінде әлеуметтік маңызды бар азық-түлік өнімдерін төмен бағамен сату, тапшылықты болдырмауға бағытталған жұмыстарды жоғары деңгейде ұйымдастыру керек. Ол үшін жүйелі жоспар жасалып, бюджет қаражатының әрбір тиын жұмсауда шынайы жаңашылықты таңыту қажет. Ғизат Майданұлы, мемлекеттік қызметте, кәсіпкерлік саласында мол тәжірибе жинаған, әлеуеті жоғары кадр ретінде корпорация қызметіне жаңа серпін беріп, нәтижелі әрі тиімді еңбек ететіңізге



сәнім білдіреміз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Ғизат Майданұлы 1976 жылы дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Экономика және информатика» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы облыстық филиалының аға маманы ретінде бастаған. 1998-2003 жылдары Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының облыстық филиалында және облыс әкімі аппаратында түрлі лауазымдарда болған. 2003-2008 жылдары облыстық кәсіпкерлікті қолдау және өңірлік даму, жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларында басшы орынбасары, облыс әкімі аппараты басшының орынбасары жауапты қызметтерін абыроймен атқарған. 2011-2013 жылдары облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы, Сырдария ауданының әкімі. 2013-2020 жылдары бизнес құрылымдарда басшылық лауазымдарда қызмет еткен. 2022 жылдан бастап осы кезге дейін «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарып келді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ШИРЕК ҒАСЫР ШҰҒЫЛАСЫН ТАРАТҚАН

БОЗОҚТАН БҮГІНГЕ ДЕЙІН

Шежірелі жылдардың жылнамасына көз салып көрсек, елорданың дамуында ортағасырлық Бозоқ қаласының айрықша орны бар. Өткен күндердің күәсіндей болған шаһар қазіргі Астананың тап іргесінде жатыр, небәрі бес шақырым жерде орналасқан. Тарихшылар тарапынан ол жайында VIII-XVIII ғасырларда өмір сүргені айтылса, оған қоса қыпшақ даласының бас ордасына айналғаны жайында көптеген деректер кездеседі. Сондықтан ортағасырлық Бозоқ қаласын бүгінгі Астананың түпкі атасы деуге толық негіз бар. Жалпы, «бозоқ» сөзінің мағынасы көне түркі тілінде «тәсіп өтетін жебе» дегенді білдіретін көрінеді.

Ал 1830 жылы орыс әскерлері Ақмола бекінісінің негізін қалады. 1862 жылы қала мәртебесіне ие болған іргелі мекенге түп-тура бір ғасырдан кейін Целиноград атауы берілді. Бұл кезеңде көршілес республикалардан тың игеру деген желеумен көптеген ұлт пен ұлыс қоныс аударған еді.

Жиырмасыншы ғасырдың бастапқы кезеңінде халқымыздың ардақты перзентінің бірі Әлихан Бөкейханов «Қазақтың автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұл-қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуы» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау» деген ойын білдірген екен. Қашан да халқымыз жақсының сөзін жарым ырысқа балайды емес пе? Алаш қайраткерлерінің жүрек түкпірінде жатқан сол бір асқақ арманы түбінде ақиқатқа айналып, Сарыарқа төсінде бас орданың тігілді.

Астана тарихындағы айрықша оқиға елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім болатын. 1998 жылдың 6 мамырында жаңа елорданың атауы Астана болып өзгертілсе, сол жылы 10 шілдеде бас қаланың халықаралық деңгейде тұсаукесер шарасы өтті. ЮНЕСКО шешімімен елордамызға «Бейбітшілік қаласы» деген жоғары мәртебелі атақ берілді.

Сол жылдары Астана қаласында 290 мыңдай адам тұрғаны

1-бет

белгілі. Биылғы статистикалық дерекке сүйенсек, елорда халқы 1,3 млн адамға жетіп отыр. Осылайша ширек ғасырдың ішінде шырайлы шаһарда тұрғындар саны 1 млн адамға артқан.

Бас қаламыздың ерке Есілдің жағасында бой көтеріуінің өзіндік сыры бар. Әлем астаналарының тарихына көз салып көрсек, басым бөлігі өзен жағасында орналасқанын аңғару қиын емес. Мәселен, Париж, Лондондесе көз алдымызға Сена мен Темза келсе, көршілес Ресейдің астанасы Мәскеу өзімен аттас өзеннің бойында орналасқан. Сондай-ақ, өз еліміздегі Қостанай Тобыл, Атырау Жайық, Қызылорда Сырдария, Павлодар Ертіс, Өскемен Үлбі, Талдықорған Қаратал өзендерінің бойында жатыр. Өзен қалаға өзгеше өрнек қосады. Мәртебесін арттыра түседі. Сондықтан Есіл өзені елорданың сәулеттік келбетіне сән қосып, астананың айрықша ажарына айналып отыр деуге болады.

СЫР ЕЛІНІҢ ТАРТУУЫ

Бүгінде халықаралық аренада және елімізде «Астана» атауы танымал брендке айналды. 2009 жылы тұсауы кесілген «Астана» тәуелсіз Қазақстан тарихында футболдан Чемпиондар лигасы топтық кезеңінде бақ сынаған алғашқы команда ретінде ерекшеленді. Сондай-ақ, бұл жылы Еуропа лигасы топтық кезеңіне үш мәрте қатысып, еліміздің атын қорғады. Ал «Astana Cycling Team» вело клубы дүниежүзілік дүбірлі додаларда Қазақстан беделін биікке көтеріп келеді. Елорданың қақ төрінде бой көтерген «Астана опера» театрынан көпшілік классикалық шығармаларды тамашалауға мүмкіндік алды.

Ширек ғасырдың ішінде шырайлы шаһарға айналған Астанада көптеген ғимараттар бой көтерді. Олардың қатарында «Байтерек», Бейбітшілік пен келісім сарайы, «Хан Шатыр», «Қазақ елі» монументі секілді сәулетімен көз тартатын орындар бар.

Бас қаланың көркейіп-жасануына Сыр өңірі жұртшылығының қосқан үлесі зор. 2008 жылы сырбойлықтар тарту еткен «Қорқыт-қобыз» сквері бүгінде қала ажарына өзіндік сән қосып тұр. Сәулетті кешен Ш.Уәлиханов пен Ж.Омаров көшелерінің

қиылысында орналасқан. Композиция авторы – Жәркен Исмағұлов. Келешек ұрпақ үшін мән-маңызы бөлек скверді Сыр елі тарту еткені бірден байқалады.

Ал елорданың 20 жылдық мерейтойына қызылордалықтар ашық аспан астындағы зымыран-ғарыш техникасы музейін тарту етті. Бас шаһардың төрінде «Союз», «Протон», «Зенит» зымыран тасығыштары мен «Боран» орбитааралық кемесінің макетінен құралған зымыран-ғарыш техникасы музейі орналасқан. Сәулетті экспозиция Тұран даңғылы бойында «Қаз-ҒарышСапары» АҚ Ұлттық ғарыш орталығы аумағында жайғасқан. Жалпы 1,4 гектар аумаққа салынған музей 20 жылдыққа тамаша тарту болды. Өйткені, «Байқоңыр» ғарыш айлағы – қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың мақтанышына айналған тарихи кешен.

Тәуелсіздік жылдары Қызылорда қаласында бой көтерген жаңа шағын аудан және ең үлкен даңғылға Астана атауы берілген. Қашаннан да ырымшыл халықпыз ғой. Жылт еткен жаңашыл жобалар мен байыпты бастамаларға елордаға қатысты атаулар беріледі. Ерке Есілдің сол жағалауынан бас қаланың жаңа бөлігі бой көтерсе, Қызылорданың да сол жағалауындағы әсем ғимараттар, сәнді үйлерге көзіміз үйренді.

Сондай-ақ, Сыр бойында кеңінен тараған атауларды елорданың бет-бейнесінен табуға болады. Астананың басты көшелеріне Сығанақ, Ақмешіт секілді атаулар берілген. Олай боларлық жөні бар. Жаугершілік заманда қаншама халыққа пана болып, Қазақ хандығының басты ордасына айналған Сығанақ – Алаш баласының жадынан өшпейтін ұғым. Оған қоса көне түркі жұртының қалыптасуында айрықша орны бар Жанкент шаһарының да аты бас қаланың атауларынан ұмыт қалған жоқ. Қазақ деген атау қалпына келген Ақмешіт шаһары да халықтың жанына сондай жақын. Бағзы заманнан бері дүйім елге ырзық-несібесін сыйлап келе жатқан Сырдария жағалауы – қалың жұртшылықтың бауыр басқан киелі мекені. Тағы айта кетерлігі, бас қалада біздің өңірге тән Шиелі, Тыныштығы жолында ат үстінде түспеген Жалаңтөс баһадүр,

түркі халқының ойшылы Қорқыт ата, белгілі ақын Қарасақал Ерімбет секілді тұлғалардың құрметіне қойылған көшелерді елордадан кездестіруге болады.

ХАЛЫҚ САНЫ 4 ЕСЕГЕ АРТТЫ

Қуанарлығы, Астана қаласының экономикалық белсенділігі күннен-күнге жанданып келеді. Шетел инвестициясын тарту жөнінен көшбасшылар қатарына енді. Жыл басындағы мәліметке сүйенсек, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,4 трлн теңгеге жеткен. Кейінгі 20 жылдан астам уақыттың ішінде қала аумағы үш есе ұлғайып, бой көтерген тұрғын үйлер саны 19 есеге, халық саны 4 есеге артқан. Осы уақыт аралығында республикалық және қалалық деңгейдегі денсаулық сақтау нысандары, 300-ден астам мектеп пен балабақша ел игілігіне айналды.

Дерек бойынша республикадағы ішкі жалпы өнімнің 10 пайыздан астамын Астана экономикасы құрайды. Сондай-ақ, елдің негізгі капиталына салынған инвестицияның оннан бір бөлігі осы қалада қалыптасып отыр. Атап өтерлігі, қала экономикасының 59 пайызға жуығын шағын және орта кәсіпкерлік нысандары құрайды. Бас қаладағы шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының саны 200 мыңға жуықтады.

Мамандар 2030 жылға қарай елорда тұрғындарының саны 2 млнға жетеді деген болжам айтады. Ал 2050 жылға қарай ол 3 млн адамға жетеді деп есептелген. Осы орайда Астана бірнеше бағытта дамуға көңіл бөледі. Олардың арасында ең бастысы – адам капиталы болса, екіншісі – креативті экономика. Бұл орайда Мемлекет басшысының берген тапсырмасы бойынша елорда smart қалаға айналуы тиіс.

Астана еліміздің әкімшілік орталығы болуымен қатар азат елдің, қазақ халқының қайта түлеуіне негіз қалап келеді. Әлемдік өркениетке ұмтылған елордамыз қай жағынан да алдыңғы қатарда. Жаңа дәуірдің айшықты сәулет өнеріне жол ашқан елорда – талайлар таңдай қағатын шырайлы шаһар. Сондықтан Астананың айбыны асқақтайтын шағы алда деп ойлаймыз.

Біз «астана» деген атауды бір мемлекеттің елордасы деп қана түсінеміз. Оның мәні тереңде, бұл сөз – бабаларымыздың төл тілінен қалған жәдігер. Ол «кең қазан», «тайқазан» деген мағына береді.

Сб Дүйсенбек АЙШҰЛЫ, «Сыр бойы»

АСТАНА, АТЫҢ АСҚАҚ, ЗАТЫҢ АСЫЛ

Сақтардың патшасы Арриант бүкіл жауынгерлерінің жез жебелерін жинатып, оны балқытып, үлкен қазан жасаған. Ол қазанды «астана» деп атаған. Сол қазанға төңір суын құйып, жау шапқыншылығынан жүнжіген жауынгерлеріне ішкізген. Сонда олардың рухы көтеріліп, бір тудың астына қайта жиналған. Елді бірлікке ұйыстыратын «астана» атауының тарихы осындай екен.

Халқымыздың ұлылығын әр күн, әр сәт сайын есімізге түсіріп отырғанымыз абзал. Қазақстан басқа халықта «ана тілі» деген тіркес кездеспейді, сол сияқты «елдіктің тайқазаны» мағынасын дәл беретін «астана» сөзін бас қаласына атау қылып берген де қазақ қана шығар.

Біздің бүгінгі айтпағымыз Астанамыз жайлы жазылған әндер туралы болмақ еді, біз сол әндердің бәрін басын қосатын бір ғана мақсат – елорданы дәріптеу екенін білген соң олардың жеке баянына бара бермедік.

Қазаққа танылған сондай әндерді тізімдей берсек, көп. Солардың ішінде ең белгілілері мыналар: «Елімнің жүрегі – Астана», сөзі: С.Қоңырбаев, әні: М.Түгелбаевтыкі. Орындайтын – Алтынай Жорабаева. Айтпақшы, Алтынайдың орындауында Астана туралы төрт ән бар.

Өмірден ерте озған талантты композитор Е.Серікбаевтың «Жігіттер» тобы орындайтын «Арман қала» әні де көптеген әншінің қоржынында жүр.

Халықтың құлағына сіңімді болған Ринат Ғайсиннің «Арайлы Астана» әнін халық артисі Роза Рымбаеваның орындауында талай тыңдалық. Ақын К.Обіловтың өлеңіне композитор Т.Мұхамеджанов жазған әннің аты да «Арайлы Астана».

Ал тек қана «Астана» деген атпен өмірге келген елу шақты әннің бәрі екені белгілі болды. Қайрат Баекенов және «Формат» тобы орындайтын «Астана», Қайрат Нұртас орындайтын «Астана», тағы да басқа... Осы әннің сөзін біздің жерлесіміз, талантты ақын кыз Назгул Бердіқожа жазған.

Ең қызығы, біздің Астана өзге елдің таланттарына да шабыт сыйлапты.

Грузиялық ақын әрі композитор Мераб Андрикошвили Астана туралы ән жазып, оған бейнебаян да түсіріпті. «Бұл әнді не мақсатпен жаздыңыз?» деп сұрақ қоятын журналистер де табылыпты. «Қазақтың астанасы менің ерекше назарымды аударды. Бұл қалаға ғашық болдым» деп жауап беріпті Мераб оларға.

Атақты «Ялла» тобының орындауынан да «О, Астана!» деп аталатын әсем әнді естігенбіз. Басқа астана емес, біздің Астанамыз туралы ән!

Сондай-ақ, ресейлік белгілі әнші-композитор Дмитрий Маликовтің «Город любви и мечты» деп аталған әні де Сарыарқа төсіндегі саралтын шаһарға арналған.

Егер Астанаға жыр арнаған ақындарды санай бастасақ, онда қазақ ақынының бәрін түгендейміз.

Өзіме келейін, енді. Мен де Астана туралы бірнеше өлең жазғанмын. Соның екеуі өнге арқау болды.

Біріншісі – әлгінде айтқанымыздай, елу шақты әннің қатарындағы «Астана» деп аталатын шығарма. Оған Ольга Хегай ән жазып, 1998 жылы Астананың ашылу салтанатында Роза Рымбаева орындады.

Екіншісі – композитор Алтын Бекенова өн жазған «Нұр-Астана» деп аталатын өлеңім.

Алтын – тамаша композитор. Пунта-Канода өткен халықаралық әлем балаларының ән байқауында айтылған Алтынның туындысы арнайы таспаға жазылып, сол елде қалдырылыпты. Қазір ол Доминикан әншілерінің репертуарына енген.

Алтын екеуіміздің жақын араласуымыз Астананың 10 жылдығы тұсында басталды. Біздің шығармашылық одағымыздың жемісі сол кезде туған «Нұр Астана» әні әлі күнге сахнадан түскен жоқ. Алғашқы кезде оны жас әнші Сәния Ғаниқызы орындап, халықаралық «Бөбек» қоры президентінің арнайы сыйлығын иеленген.

2020 жылы елорда тойы қарсаңында өнге жаңа бейнебаян түсіріліп, қайта жаңғыртылды. Астанада білім алып жүрген А.Бөлекбай, Н.Сағынтай, М.Аманжолов, А.Жұмабек секілді талантты қызылордалық әншілер шығарған «Нұр-Астана» әні республикалық телеарналардан көрсетілді.

Арқаның ғана емес, Алаштың төріндегі осы бір шамшырақ шаһардың аты асқақ, заты асыл. Себебі, ол – ата-баба арманының жеңісі, қайта оралған тәуелсіздігіміздің төл жемісі!

ЦЕЛИНОГРАДҚА БАРЫП, АСТАНАҒА ТҰРАҚТАҒАН



Сб Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Астана өнер, білім және мәдениеттің, ғылымның ордасына айналды. Кезінде үлкен қалаға еліміздің түкпір-түкпірінен арман қуып, білім алу үшін барғандардың көбі бүгінде орта жастан асқан елорданың тұрғынына айналған. Жастық шағының, өмірінің ұмытылмас дәуірінің куәсі болған Астана олардың көз алдында күн сайын қарыштап дамып, өркендеп келеді.

болып Астана қаласы деген жазумен диплом алып тұрсындар. Жаңа Астананың болашағы сендердің қолдарында. Еліміздің медицина саласының дамуына үлестеріңді қоса беріңдер» деген болатын. Содан бері қанша жыл өтсе де ағайымыздың сөздері санамда жатталып қалыпты. Арман жетелеп, білім қуып, Ақмолаға келіп едім, осы үлкен шаһарда тұрақтап қаламын деп ойламадым. Кейін отбасын құрып, балаларымды дүниеге әкелдім.

Біз оқып жүргенде көшелер тар болатын. Ол уақытта Есілдің тек оң жағалауы бар-тұғын. Жатақханадан теміржол вокзалына дейін жаяу баратынбыз. Жас кезімізде қаланы жаяу шарлап жүре беретін едік. Ал қазір мүлде басқаша. Астана біздің көз алдымызда тез гүлденіп, көркейе бастады. Қазір көкпен таласқан биік ғимараттар, жаңа теміржол вокзалы, Астана опера және балет театры, Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» ғимараты өзге де

дықты 1998 жылы аяқтап, сол уақытта атауы Астана медицина академиясы болып өзгергенде бітіріп, елордада біржола тұрақтап қалды.

– 1998 жылы біз оқуды бітірген кезде ағайымыз: «Сендер бірінші

Осыдан 30 жыл бұрын Қазалының қызы Бекзат Көшкінбаева білім қуып Целиноград мемлекеттік медицина институтына оқуға түседі. Алты айдан кейін оқу орны Ақмола институты атанды. Өзі армандаған дәрігерлік маман-





КОНКУРС

КОМИССИЯ ҮЗДІКТЕРДІ ІРІКТЕДІ

Кеше «Үлгілі елді мекен» конкурсының жеңімпаздарын анықтайтын комиссияның қорытынды отырысы өтті. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов қатысты. Қоғам белсенділерінен жиналған тәуелсіз комиссия облыстың ауылдарын аралап, әрқайсысының даму қарқынына баға берді.

Сб Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

Ауыл – ел әлеуетінің арқауы. Мемлекет басшысы 2023-2027 жылдар аралығында ауылдық аумақтарды дамытуға арналған Жарлыққа қол қойғаны мәлім. Мұндағы мақсат – ауылдарды дамыту, қолайлы орта қалыптастырып, өмір сүру сапасын жақсарту.

Облыс әкімінің бастамасымен өтіп жатқан «Үлгілі елді мекен» конкурсы ең алдымен ауылдарды дамытуға, тазалық пен көгалдандыру ісіне ынталандырады. Жүлде қоры аз емес, конкурс жеңімпаздарына ұсынылатын коммуналдық техникаларға облыстық бюджеттен 467 млн теңге бөлініп, олар алынған.

Нақтырақ айтсақ, «Үлгілі аудан орталығы» номинациясы бойынша 1-орын алған елді мекенге 4 техника (қоқыс таситын көлік, жол тазалағыш жүк көлігі, ассенизатор машинасы, кран манипулятор), 2-орын иегеріне 3 техника (қоқыс таситын көлік, жол тазалағыш трактор, ассенизатор машинасы), 3-орынға 2 техника (жол тазалағыш трактор, ассенизатор машинасы) беріледі. «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша 1-орынға 2 техника (жер қазатын трактор, жүк тасымалдаушы көлік), 2-орынға 2 техника (жер қазатын трактор, трактор тіркемесі), 3-орынға 1 техника (трактор) сыйға тартылады. Ал «Қызылорда қаласының үлгілі шағын ауданы» номинациясында 1-орынға 3 жоба (сквер, спорттық ойын алаңдарын салу, көше-ауаларды жарықтандыру), 2-орынға 2 жоба (балалар және спорттық ойын алаңдарын салу), 3-орынға 1 жоба (сквер салу) берілмек. Бөйгенің тартысты өтері алдын ала белгілі болған. Конкурста 24 ауыл, 7 кент, 1 қала және Қызылорда қаласының 3 шағын ауданы қатысуда.

Отырыс барысында қала және аудан әкімдері конкурста қатысушы елді мекендерде кейінгі жылдары атқарылған жұмыстармен таныстырып, алдағы жоспарларын айтты, яғни, әр елді мекеннің жүлдеге лайық екенін дәлелдей алатын жобалары болуы тиіс. Ол үшін әкімдер арнайы дайындалған 3 минуттық бейнежазба көрсетіп, атқырылған істерді толық айтты. Комиссия мүшелері ұсынылған құжаттармен толық танысып, жұмыстарды саралап, тиісті хаттамалық шешім шығарды. «Үлгілі» атанған елді мекендер алдағы уақытта облыс әкімінің қатысуымен өтетін салтанатты шарада марапатталады.

БІЛІМ

«СӘТ САПАР, САҒАН ЖАС ТҮЛЕК!»



Кеше А.Тоқамағамбетов атындағы мәдениет үйінде Қызылорда ашық университеті және Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінің түлектеріне диплом тапсыруға арналған салтанатты жиын өтті.

«Сәт сапар, саған жас түлек!» атты шараны университет ректоры, техника ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қылышбай Бисенов ашып, бітіруші түлектерге жарқын болашақ тіледі. Білім ордасының ширек ғасырлық тарихында жеткен жетістіктеріне тоқталды.

Айта кетейік, Қызылорда ашық университеті отандық және шетелдік (Ресей, Оңтүстік Корея, Түркия) жетекші жоғары оқу орындарымен тығыз шығармашылық байланыс орнатқан. Студенттер заманауи талапқа сай сандық-инновациялық технологияны меңгеруде. Педагогика, ауыл шаруашылығы, технология, құқықтану, экономика, инженерия, өнер бағыттары бойынша жоғары білімді, білікті мамандар дайындауды жүзеге асырып келеді. Нақты кезінде университетті 360-тан астам, ал колледжді 230-дан астам түлек бітіріп отыр.

Салтанатты кешке облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов, облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев, қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Әзізбек Ізімбетов және білім ордасының жұмыс берушілері – «Сыр Медиа» ЖШС бас директоры А.Оңғарбаев, «Ақмар И К» ЖШС директоры М.Қожабеков, «Jusan bank» облыстық филиалының директоры Р.Цой қонақ болып қатысты.

Кеш қонақтары мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушы-профессорлары университет түлектері мен колледж бітірушілерге диплом табыстап, сәтті сапар, ақ жол тіледі.

«СБ» ақпарат

ЖАЛАҒАШ: АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Жалағаш – қай кезде болсын ауқымды жұмыс, жарқын жобаларды іске асыруда алда келе жатқан аудан. Тоқсан жылдан астам тарихында дамудың түрлі сатысынан өтті. Бүгінде қай салада болсын, ілгерілеушілік байқалады. Халықтың көкейінде жүрген мәселелер ескеріліп, елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму динамикасын көтеру, автомобиль жолдары, елді мекен аралық жолдарды жөндеу сынды жұмыстар жүруде. Жалағашта кезең-кезеңімен жүзеге асып жатқан түрлі жобалар биыл да жалғасын табады. Қазір ауданда қарқын алған жұмыстар қатарында ауылдардағы ауызсу жүйесін кеңейту, жол құрылысы, көпірлерді жөндеу, Жалағаш кентіне жақын ауылдарды газдандыру, жарықтандыру бар.

Сб Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Биыл аудан бюджетінен 4,9 млрд теңге бөлініп, 33 жобаны іске асыру жоспарланған. Аталған жобалардың басым көпшілігі елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, ауыл инфрақұрылымын дамытуға бағытталған. Қазір 2025 жылға дейін ауылдық жерлерді дамытуға арналған жобалар дайындалып, кейбірінің жұмысы басталған.

Жалағашта аудандық маңызы бар жолдар мен ішкі көшелерді жөндеу бойынша 2,2 млрд теңгені құрайтын 8 жоба іске асуда. Нақтырақ айтсақ, 7 жобаның мемлекеттік сатып алу жұмысы аяқталып,

үш жоба бар. Олар – Жалағаш кенті «Ақтерек» учаскесіндегі су тарату кешенінің құрылысы, Аққұм мен Мәдениет елді мекендерінің ауызсу желілерін кеңейту жұмыстары. Аталған құрылыс жұмыстарын аяқтауға облыстық бюджеттен 39 млн теңгеден астам қаржы бөлінген.

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

Жалағашқа қарасты Мырзabay ахун және Есет батыр елді мекеніндегі дәрігерлік амбу-



латория құрылысына республикалық бюджеттен 752,8 млн теңге бөлінді. Аталған жобалар облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы арқылы іске аспақ. Қазір мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілуде. Сондай-ақ ауданда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту бойынша да бірнеше жоба бар. Жалағаш кентіндегі «Ақтерек» учаскесін газбен жабдықтау, Ақсу мен Қарақеткен ауылына электр желілерін тарту жұмыстары басталып кетті.

Расымен Жалағаштағы құрылыс жұмыстарының қарқын алғанын ерекше айту керек. Бұл сөзімізге кейінгі жылдары бой көтерген жаңа нысандар, күрделі құрылыс жұмыстары дәлел. Әсіресе, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен елді мекендер көркейіп-өңгәлданып, әлеуеті артты, бірнеше ғимарат бой көтерді. Жол сапасына ерекше мән беріліп, ауызсу жүйелері де жаңартылды. Ауданға қарасты ауылдардың ішкі көшелерін жөндеу жұмыстары да осы жоба аясында жүзеге асуда. Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 50 тұрғын үй сатып алу үшін Ұлттық қордан 480 млн теңге қаралған. Бір тұрғын үйді сатып алуға бөлінген қаржы көлемі 9 млн 600 мың теңге. Қазір жеке кәсіпкер-мердігерлер құрылысты бастап кетті. Бүгінде он бес тұрғын үйдің қабырғасы қаланып, жиырма

үйдің іргетасы құйылды. Қазан айына дейін толық бітіру жоспарланған. Жалағаш кентінде демеушілер есебінен 99,7 млн теңгені құрайтын 6 жоба басталды. Аталған жұмыстар кент келбетін арттырып, жол жайын жақсартуға бағытталған. Тарқатып айтар болсақ, Өмірбай шешен көшесінің І.Қабылов пен С.Қалыбаев көшелері аралығындағы жолға, Абай және Сәрке батыр түйігіне, Қ.Сәтпаевкөшесіне тастоселеді. Бұған қосымша Желтоқсан көшесі №3 мекен-жайындағы ғимарат шатырын жөндеу басталды. Аудан орталығындағы М.Шаменов, Т.Жүргенов, Қ.Нұрпейісов, Т.Қыстаубаев, А.Ізтілеуова, Төле би, Мысық би, І.Нұрқенов, Н.Әпрезов, И.Панфилов көшелерін жарықтандыру жұмыстарына да жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

Демеушілер есебінен жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстардың бірі – Дәуімбай елді мекеніндегі 120 орындық мешіт құрылысы. Құны 80 млн теңгені құрайтын жаңа мешіт был қыркүйекте пайдалануға берілмек.

«КӨГІЛДІР ОТЫН» ҚУАНЫШЫ

Жалағаштың орталығына «көгілдір отын» кіргелі тұрмыс жағдайы көп жеңілдеді. Тұрғындардың қуанышында шек жоқ. Шын мәнінде,



табиғи газды тұтыну тұрмысты ғана жеңілдетіп қоймай, экологиялық ахуалдың түзелуіне, нақтырақ айтсақ, табиғат байлығын сақтаулына оң әсерін тигізеді анық.

Жалпы ауданды газдандыру жұмыстары 2019 жылы бастау алып, орталықтандырылған газ желісі 2021 жылы пайдалануға берілді. Әлі де бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Тек кенттің іші ғана емес, алдағы уақытта ауданға қарасты барлық ауылдарға газ апару көзделген. Әзірге аудан орталығына жақын орналасқан елді мекендер ғана табиғи газбен қамтылмақшы. Бұл жұ-

мыстарға бюджеттен 65,5 млн теңге бөлініп, 4 жоба басталмақ. Қазір мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталып, мердігер мекемелер анықталған. Жақын арада «көгілдір отынның» игілігіне қол жеткізетіндердің қатарында «Наркескен» спорт клубы, аудандық кітапхана, аудан іргесіндегі Ақсу мен М.Шаменов елді мекендері бар. Ауданға қарасты басқа да елді мекендерге табиғи газ тарту жұмыстары жалғасын табады. Демек, ауылдағы ағайынның табиғи газ игілігін көретін күні алыс емес деген сөз.

БАСТЫ МАҚСАТ – МЕЖЕДЕН ШЫҒУ

Жалағаш ауданындағы мал өсіріп, егін еккен бейнеткеш жұрттың жұмыс нәтижесі де жаман емес. Жыл сайын бақша дақылдарын өсіріп, күріштен мол өнім жинайтын жалағаштықтар төрт түліктің де санын көбейтіп жүр. Қазір ауданда 40663 ірі қара, 25 мыңға жуық жылқы, 800-ден астам түйе және 45433 бас уақ мал тіркелген.

Биыл аудан бойынша 37 мың гектардан астам жерге егін егілді, 19800 гектар жер күрішке тиесілі болса, қалғаны бидай, қант құмайы, арпа, мақсары, жүгері, сұлы, қант қызылшасы, жоңышқа, картоп пен көкөніс және бақша дақылдарына арналған.

Қуанарлығы, Жалағаш Сыр салысынан мол өнім алуда



Жалағаш ауданы

БРИФИНГ

ҚЫЛМЫС ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық прокуратураның бірінші жартыжылдықта атқарған жұмыстарының есебі айтылды. Құзырлы орган құқықбұзушылықтың алдын алуға баса мән беріп келеді.

қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қылмыс санатына қарай жіктейтін болсақ, биыл өңірде құқық бұзушылықтың біршама азайғанын байқауға болады. Мәселен, кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, алаяқтық, қарақшылық, мал ұрлығы төмендеген.

алатыны жөнінде жалған ақпарат таратқан. Оның арбауына ілінгендер қаржысынан айырылған. Сот үкімімен ол 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына кесілді.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

Әр істің салдарымен емес, себебімен күресу қажет екені анық. Облыс прокуратурасы осы бағытта арнайы жұмыс тобын құрып, қайта қылмыс жасауға бейім адамдарды анықтаған екен.

Осы күні аймақ тұрғындарын алаяқтық әрекеттер мазалайтыны жасырын емес. Қазір прокуратура өкілдері барынша ақпарат таратып, халықты құлақтандыруда.

Мысалы, қала тұрғыны өзінің алдын ала жоспарлаған қылмыстық іс әрекетін жүзеге асыру мақсатында таныстары арқылы қайтарымсыз несие алып бере

Сонымен қатар, өңірде жер даулары, суармалы судың жетіспеушілігі, жалақы және Байқоңыр қаласының тұрғындарына тегін медициналық көмектің көрсетілмеуі сынды өзекті мәселелер бары айтылды.

Жер жайына келсек, жыл басынан бері 83 мың гектарды құрайтын 120-ға жуық игерілмеген жайылымдық жер учаскесі анықталған.

Ал денсаулық сақтау саласында қала тұрғындарын басқа медициналық ұйымға ескертпестен заңсыз бекіту фактілері анықталған.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

БАЛЫҚ – БАЙЛЫҚ КӨЗІ

Елімізде шілде айының екінші жексенбісі – Балық шаруашылығы қызметкерлері күні. Айтулы дата 2017 жылғы 31 қазандағы Үкімет қаулысымен бекітілген.

Балық шаруашылығы – Сыр өңірі халқының атақасібі. Әсіресе, теңізді өлкеңіз тұрғындары үшін балық шаруашылығының тарихы мен танымы бөлек.

нәтижесінде Арал теңізі өнімдерін шетелге экспорттауға мүмкіндік туды.

Айта кетерлігі, «Арал балық өңдеу зауыты» мен «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС Еуропа нарығына шығуға мүмкіндік беретін «Еврокод» белгісін алған.

Жалпы Сыр елінде балық шаруашылығы мамандарына құрмет ерекше. Оған тарихи оқиғалар мен сала қызметкерлерінің ерен еңбегі себеп болса керек.

Биыл Арал ауданында «Балықшылар монументі» ашылып, «Балықшылар альянсы» қайта жаңғыртудан өтті. Бұл – адал кәсіпті ұрпақтан-ұрпаққа жалғайтын балықшы қауымының еңбегіне берілген баға.

Арал өңірі үшін өмірлік маңызы бар «САРАТ» жобасы жүзеге асырылып, облыста балық шаруашылығының дамуына үлкен мүмкіндіктер жасалды. Аймақтағы балық шаруашылығының өзегі – Кіші Арал теңізінде бүгінде балықтың 19 түрі мекендейді.

«СБ» ақпарат



«Адам өмірді тануда сүреңді, сүреңсіз, баянды, баянсыз жолдармен жүріп барып шыңдалады. Осы жолдың ең дұрысы – еңбек ету» деген Шығыс философиясы жиі ойға түседі.

ЕҢБЕКТЕН ЕСЕУГЕН ЖЫЛДАР

«Іскер әрі ұйымдастырушы қабілетімен танылған» деуіміздің сыры бар. Сонау 1980 жылдардың орта тұсында елде қайта құру кезеңі басталды.

шақта облыстық көші-қон басқармасы бас маман қызметіне шақырады. Содан зейнетке шықты. Аманкелді ағамыз сөз арасы: «Өмір – қатал сыншы. Восбелбеулікті, боркеміктікті ұнатпайды.

Шабиттың шалқарында жүр кемеңіз. Студенттік шақтар қайда сайрандаған? Жаз дидар жас күндер-ай жайрандаған!

Сен маған семсердейсін қайралмаған, Табанды, мәрт мінезіңе қайран қалам! деп таңдана, таңқала, жан досына арнапты.

Біршама уақыттан кейін сарғайған облыстық «Сыр бойы» газетін қолыма ұстатты. Қарасам, Әскербек ағамыз бірнеше өлеңдері жарық көрген екен.

Аманкелді Махатайұлы бұрынғы Сырдария ауданы, қазіргі Шиелі ауданына қарасты М.Шоқай ауылында 1943 жылы дүниеге келген.

Аманжан, іздесек табылатын іргедемсіз. Қалайша қартайдық деп күрмелеміз,

"КӨРШІ ӘЖЕ"

Біршама уақыт бұрын Астана қаласына көшкен көршіміздің үйін ерлі-зайыптылар сатып алды. Жаңа көршілерімізді ерулікке шақырдым.

мектепте ұстаз, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, анасы Күнқияш апай сол білім ордасында ұзақ жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шығыпты.

мамандығын бәрінен жоғары қоятын жан.

Осындайда Ыбырай атамның «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» деген сөзі жалыңа оралады.

Әңгімесін ата-енесі, қайын апасы, қайынысы туралы жақсы лебізден бастайтын Орынқұлдың келін ретінде қос қарыға деген құрметіне риясыз сүйсінемін.

Ташкент қаласында Мадина Сайдұлқызы есімді эндокринолог-дәрігердің қабылдауында болдым.

мұғалім болып орналасып, алғаш еңбек жолын бастаған. Жігерлі де ізденімпаз жігіт көп ұзамай директордың орынбасары қызметіне көтеріледі.

Содан оны 1973 жылы Сырдария аудандық мәдениет бөлімінің басшысы етіп тағайындайды. Басшылық қызмет жайлы орындақта шіреніп отыру емес екенін халыққа рухани қызмет көрсету барысында толық түсінеді.

БАҚҰЛ БОЛ, ӘРІПТЕС



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ардагер ұстазы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Сара Тайманова дүниеден өтті.

Сара Тамшыбайқызы 1955 жылы Қызылорда облысының Шиелі ауданына қарасты М.Шоқай ауылында дүниеге келген.

«Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарып, 1992-2004 жылдары университет жанындағы қазақ-түрік лицейінде мұғалім болған.

1992-1995 жылдар аралығында Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетінің ізденушісі, 1995 жылы Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жанындағы мамандандырылған ғылыми кеңесінде «Сәбит Мұқанов – әдебиет зерттеушісі» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, 2004 жылы ҚР Жоғары аттестациялық комитетінің шешімімен әдебиеттану мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілген.

Сара Тамшыбайқызы қалалық, облыстық, республикалық педагогикалық оқулар мен «Жыл мұғалімі» конкурсына қатысып, жүлделі орындарды иеленген.

Қазақтың ұлағатты ұстазы, шәкірттерін білім нәрімен сусындатқан әріптесіміздің жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы

Сара Тамшыбайқызы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 1991 жылы

БАҚҰЛ БОЛ, АЯУЛЫ ҰСТАЗ



Қызылорда «Болашақ» университетінің «Филология, журналистика және тарих» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан галым Тайманова Сара Тамшыбайқызы өмірден озды.

Абай атындағы Алматы Мемлекеттік университетінің ізденушісі болған. 1995 жылы Өл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеті жанындағы мамандандырылған Ғылыми кеңесте «Сәбит Мұқанов – әдебиет зерттеушісі» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

Қазақтың ұлағатты ұстазы болған Сара Тамшыбайқызы 100-ден аса мақаланың, 9 ғылыми-әдістемелік оқу құралының, екі монографиялық еңбектің авторы. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан аяулы жан-ның еңбегі ескерусіз қалмай, «Үздік ғылым кандидаты-2019», Қызылорда облысының 70 жылдығы, Қорқыт Ата атындағы Алтын медальдарымен, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Қызылорда облысы әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Кәсіби білікті маман даярлау ісіне үлес қосып, шәкірттеріне сапалы білім берген әріптесіміздің жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

«Болашақ» университетінің ұжымы

Қызылорда «Болашақ» университеті, «Болашақ» жоғары медициналық колледжі, «Болашақ» университетінің жоғары колледжі ұжымдары филология ғылымдарының кандидаты, «Филология, журналистика және тарих» кафедрасының профессоры

Тайманова Сара Тамшыбайқызының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ, Ақпарат саласының үздігі

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы» Қазалы ауданы



«Бәйтерек» – Астананың символына айналған көрнекті ғимараттардың бірі. Қазір оған ұқсас көшірмелер еліміздің түкпір-түкпірінде бар. Мысалы, Өскемен, Қарағанды, Екібастұз, Жаңатас қалаларында. Шығыс Қазақстандағы Көкпекті ауылында да «Бәйтерек» орнатылған.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

ӘР АУЫЛДЫҢ ӨЗ «БӘЙТЕРЕГІ» БАР



Бұл қалаларда ғана емес, бізде де бірнеше «Бәйтерек» бар. Ұлы жолдың бойында орналасқан. Анығырақ айтсақ, «Қызылорда-Жезқазған» автокөлік дәлізінде тұр. Көзтартар дүниені қалаға кім тарту етті? Таратып айтсақ.

Бексұлтан Баймаханов отбасылық бизнестің тізгінін жас та болса өзі ұстапты. Әрине, мұнда ата-ананың ақыл-кеңесі мен бауырлардың қолғабысы ұшан-теңіз. Былтыр «Бәйтерек» шағын ауданынан кәсіпкерлігін бастады. Қалааралық маңызды жол бойына үлкен азық-түлік дүкені мен асхана салды. Осы кешеннің атауын да жаңа қоныспен аттас етіп, «Бәйтерек» деп атады.

2017 жылы Алматы қаласына қонаққа бардым. Кешке «Париж» деп аталатын дәмханаға бас сұқтық. Маған дәмханадан бұрын ұнағаны дәл алдында орналасқан Париждың ең басты мақтанышы Эйфель мұнарасының керемет көшірмесі еді. Астана дегенде ең бірінші көз алдымызға «Бәйтерек» келетіні рас. Әрі қаламыздан осы аттас аудан ашылды. Дүкен мен асхана салу барысында еліміздің мақтанышы «Бәйтеректің» көшірмесін тұрғызу ойымда болды, – дейді Бексұлтан.

Алыстан көрінетін «Бәйтерек» Жезқазған бағытына қатынайтын жолаушыларға ақ жол тілеп тұрғандай.

Екінші «Бәйтеректі» 2014-2015 жылдары «Қызылорда көркем» ЖШС

Абай даңғылы бойына салған.

Аудан, ауылдық жерлерден де «Бәйтерекке» ұқсас дүниені көптеп байқауға болады. Мысалы, Қармақшы ауданы Дүр Оңғар ауылындағы стелла. Жаңақорған ауданы Қожақент ауылында «Бәйтерек» монументі 2016 жылы салынған. Биіктігі 12,5, шарының диаметрі 2,5 метр. Сондай-ақ осы ауданға қарасты М.Нәлібаев ауылында 2012 жылы 1975 жылы туған тұлғалар 20 жылдық кездесу құрметіне «Бәйтерек» тұрғызған. Оның биіктігі 12 метр.

Айтпақшы, жақында ғана Қазалы ауданының ең шеткі ауылдарының бірі Кәукейде де «Бәйтерек» бой көтерді. №225 орта мектепті 1993



жылы бітірген ауылдағы қыз-жігіттер ұрпақтар сабақтастығы мен туған жерді түлетуге өз үлестерін қосып, осындай тарту жасаған. Биіктігі 8,7 болатын «Бәйтерек» ауылға сән қосып тұр. Сұрастырғанымызда, бұған 800 мың теңгеден астам қаржы жұмсалғанын білдік. 30 жылдық кездесуден естелік қалдыру идеясын ұсынып, жұмысты іске асырған азаматтар – Ержан Әлімжанов, Ғабит Баймаханов, Бауыржан Шүкіралиев, Мейрамбек Рашаев, Серік Әбдіханов және дәнекерлеуші Болатбек Айғабылов.

Айта кетейік, Астана қаласында тұрғызылған «Бәйтерек» монументінің биіктігі 97 метр. 1997 – мемлекеттің жаңа астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілген жыл.



Қызылорда 1925-1929 жылдары Қазақ Республикасының астанасы болған уақытта Сәкен Сейфуллиннің төте жазумен жарық көрген «Экспресс», «Тұрмыс толқынында», «Жер қазғандар» атты өлеңдер жинағы мемлекеттік баспаханасына басылған. Бұл кітаптар бүгінде Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының «Сирек қорлар» бөлімінде сақтаулы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

«Экспресс» тек Сәкен поэзиясындағы ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясындағы үлкен жаңалық еді. Жаңа мазмұнда, ерекше формада жырлау «Экспресте» айқын аңғарылады. «Қара жер» атты өлеңінде ақын туған Отанның көркем табиғатын кестелі сөзбен шебер жеткізеді.

«... Масайрасып, Кеудені ашып, Жұрттың көбі мәз еді. Алып бізді, Таптап ізді, Экспресс келеді», – деп жырға қосады.

1928 жылы жарияланған «Тұрмыс толқынында» атты өлеңдер жинағына «Баспахана», «Отарба терезесінен», тағы басқа да көптеген шығармалары топтастырылған. Соның ішінде «Баспахана» атты өлеңіне зер салып көріңіз.

«... Соққан жүрек қуат жаны, Тынбай мотор тулайды. Күймен билеп салған әні, Мың дыбыспен шулайды. Баспахана дүрсілдейді, Жанды сөзді жаратып. Демі қайнап гүрсілдейді, Әлемге өрнек таратып», – деп ой түйіндейді. Бұл шумақтарда ақын баспаханың жұмыс барысындағы жай-күйін әдемі теңеулермен шебер әспеттейді.

Сөкенің Қызылордада жарық көрген тағы бір туындысы – «Жер

қазғандар» атты өлеңдер жинағы.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Құныпия Алпысбаевтың «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласында «Қазақ әдебиетіндегі үш бәйтеректің бірі – Сәкен Сейфуллин өмірі қысқа, тағдыры ауыр болғанымен шығармашылық ғұмырбаяны ғибратты да мәнді. Өмірі мен шығармашылығына көз салғанда, алдымен әншілігі мен ақындығын, күйшілігі мен жазушылығын болп қарауға болмайды. Ол өзінің көптеген өлеңдерінде өңгімелері мен басқа да ірі шығармаларында өн мен күй, өнерпаз тұлғасын құштарлықпен суреттеп, бейнелі образ жасауы бойындағы өнер құдіретін байқатады» деп жазған.

Қызылорда астана болған 1925-1929 жылдары ұлт зиялысы қайда тұрды? Бір өкініштісі, Сәкен тұрған үй бұзылып кеткен. Алайда орнына салынған үй сыртына арнайы тақта ілінген. Тақтада «Осы жерде Қазақстанда совет өкіметін орнату жолындағы жалынды күрескер, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі – Сәкен Сейфуллин 1925-1929 жылдары тұрған және жұмыс істеген үйі болған» деген жазу тұр.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ҚР Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы ақын Қаршыға Есімсейітова:

– Сыр елінің қасиетті топырағында тарих тудырған алыптардың басқан

ТАРИХТЫҢ ІЗІ ӨШПЕЙДІ

ізі тайға таңба басқандай айқындала беретіні анық. Сәкен Сейфуллиннің үйі «Ескі базардың» тұсында жұмыс орнына жақын болған. Ол жылдары қала шағын еді. Кеңестік атқару орындары мектеп, редакция, радио торабы, демалыс орындары, мәдениет ошақтарының бәрі қазіргі Д.Қонаев пен Журба көшесінің қиылысындағы үйде шоғырланған-ды. Сәкен, басқа да ұлт зиялылары қызмет еткен Қазақ ССР Атқару комитетінің ғимараты да дарияға жақын болған. Сол ғимарат 2000 жылдардың бас кезінде бұзылғанын өз көзіммен көріп, бейнетаспаға түсіріп, қала тұрғындарының пікірін сұрап, сауалнама жүргізгенмін. Көненің көзінде, тарихтың өзінде осындай тарихи ескерткіштердің келер ұрпаққа аманаттай сақталып тұра бергені дұрыс еді деген тұжырымды ой айттым. Сол хабар сақталып қалыпты. Жылдар өте келе бұл ғимараттың көшірмесі Сырдария өзенінің сол жағалауынан қайта бой көтерді. Бұл – тарихтың жаңғырығы.

1970 жылдардың орта шені. Мектептің жоғары сыныбында оқимын. «Ескі базардан» шығып, орталық демалыс паркінің тұсынан автобусты ұзақ күттім. Зеріккен соң аялдама қасындағы көне ғимаратқа ілінген тақтаға көз жібердім. «Бұл жерде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров қызмет еткен баспахана болған» деген жазуды оқыдым. Кейіннен бір қабатты кірпіштен салынған сол үйге жиі көз тігетін едім. Ішіндегі қарбалас тіршілікті көз алдыма елестететінмін. Сәбит Мұқановтың «Сырдария» романы да сол көне ғимаратта басылып, дүниеге келген екен. Радио торабы да осы ғимаратта орналасқан, – дейді.

Бүгінде Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейінде ақынның 1930 жылы киген костюмі, 1934 жылы өзбек достары сыйлаған тақиясы мен шапаны бар. Сондай-ақ чемоданы, жолға шыққанда қолға ұстайтын саквожы, отбасында тұтылған ыдыс-аяқтары, қабырға және қол сағаты, қаламы, жазу машинкасы, қолжазбалары, қалпағы, мойынорағышы, өзі жатқан ақ керуеті және тағы басқа көптеген дүниелері мен құжаттары, фотосуреттері сақталған.

Иә, Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиеті мен мәдениетінде, тарихында қайталанбас өзіндік орны бар тұлға. Оның ұлт үшін атқарған қызметі атын Алаш жұртына әйгіледі. Сәкендей алып тұлғаның Сыр елінде аз да болса қызмет еткенін мақтаныш етіп айтқанымызбен, қайраткердің тұрған үйінің бұзылып кеткені өкінішті...

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ



Соңғы уақытта 5G-дің мүмкіндігі мен қаупі туралы толғам көп. Бірі бұл технологияны болашақ кілті көрсе, енді бірі мемлекет қауіпсіздігіне төнер қатер санады. Алып компаниялар да жаңалықты нарыққа шығаруға тартынып, тек там-тұмдап өнім ұсынууда. Содан болар, бүгінге дейін әлем елдері 5G жүйесін толық қолданысқа енгізе алмай келеді. Сонымен тың технологияның сыры неде, артықшылығы қайсы?

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ, «Сыр бойы»

Бұл жүйе – 4G-дің жетілген нұсқасы. Жетілгені сонша, 4G-ден мың есеге дейін жылдам әрекет етеді. Мәселен, қолданушы толық метражды фильмді ап-аңыз күйінде бірнеше секундта ақ жүктей алады. Бұл нарыққа жаңа формат, қосымша құрал да енгізуі мүмкін. Алайда басымдық бизнес үрдісінде дамытуға арналары анық. Себебі, заманауи кәсіп әлдеқашан цифрланған. Енді оған өнімділіктің жаңа түрі қажет.

5G мобильді желілерін енгізу – әлемдік тренд. Бұл өз кезегінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашақ. Алдымен

жоғары жылдамдықпен алыстағы ауыл-аймақтар мен қала сыртындағы елді мекендерді қамтамасыз етпек. Интернет жоғары жылдамдықта болса, телемедицианың дамуына септігін тигізеді сөзсіз. Біздің елдегі мектептердің жартысынан көбі ауылдық елді мекендерде екенін ескерсек, заманауи сандық білім беруде байланыстың бесінші буынының көмегі зор болмақ. Сондай-ақ, 5G қымбат технология болғанымен, барлық абоненттердің сапасы артып, трафик багалары төмендеуі мүмкін. Оған қоса, IT саласының дамуына және мемлекетті

цифрландыруға үлесі көп болары анық.

Жалпы Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша соңғы он жылда елімізде желіні дамыту мен жабдықтауға 1 трлн теңге инвестиция салынған. Сондай-ақ, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында 5G технологиясын енгізу де жоспарланған. Наурыз айында Президенттің қатысуымен өткен мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі кеңесте 5G ірі қалаларда енгізілетіні айтылды. Қазіргі таңда Астана, Алматы және Шымкент қалаларында 5G пилоттық жобасы іске асырылып жатыр. Осы орайда жаңа технологияны дамытуда қаржыны байланыс операторларының өздері салады. Тіпті 5G желісін бірнеше оператор бірлесіп пайдалануы ықтимал. Мұндай тәжірибе өзге елдерде сәтті нәтиже көрсетуде. Мысалы, АҚШ, Жапония, Оңтүстік Корея мемлекеттері желіні бірнеше операторларға беріп, ортақ бір желіні бірге пайдалануға мүмкіндік берген екен.

Сонымен 5G-дің қаупі қандай? Мамандар Қытайдың 5G жабдығы, чиптері, бағдарламасы басқа мемлекеттерде тыңшылық жасауы мүмкін деген пікірде. Мәселен, өткен жылы Австралия өзінің телекоммуникациялық операторларына Huawei және ZTE компанияларының 5G жүйесін алуына тыйым салған. Ал Verizon мен оның бәсекелесі AT&T болса, Huawei телефондарын сату жоспарын тоқтатқан болатын.

Иә, 5G-дің артықшылығы көп, кемшілігі де бар. Алдағы уақытта қауіпті тұсы ескеріліп, өзгеріс те енер. Дегенмен бір біліміміз, алдағы онжылдықта жаңа жүйені қолданысқа енгізуіміз кезек күттірмейтін қадамға айналатын секілді. Осы орайда жаңа технологияны бүгіннен меңгерсек, көшке еруіміз оңай болары белгілі.

АСТАНА КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

«ЕГЕМЕНДІК ЖӘНЕ ЕЛОРДА»

С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Астана қаласының 25 жылдығына орай «Егемендік және елорда» атты фотожурнал өтті.

Көрмеге Астана қаласының көрікті жерлері мен архитектуралық ғимараттары бейнеленген кең форматты фотогалерея қойылып, көрермен назарына ұсынылды. Айта кетейік, көрме 10 шілдеге дейін жалғасады.

КІТАП КӨРМЕСІ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада елорда туралы мәлімет беру, жастардың Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық рухын арттыру мақсатында Астана күніне арналған «Астана – ұлтымыздың рухани ордасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кітап көрмесінде ел астаналарының қысқаша тарихы мен фотосуреттер, елорданың өткені мен бүгінгінен сыр шертетін туындылар бар. Сонымен қатар Астананың қазіргі келбетін, болашағын баяндайтын 70-ке жуық кітап және мерзімді басылымдарға жарияланған мақалалар қойылды.

САДАҚ АТУ САЙЫСЫ

Облыстық қоғамдық даму басқармасы қоғамдық келісім мекемесінің ұйымдастыруымен елорданың 25 жылдығына орай ұлттық спорт түрі – садақ атудан сайыс өтті.

Сайысты мекеме директоры Бақытжан Камалов ашып, барша қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сайысқа жастар қатысты. Садақшылар 10 метрден 25 метрге дейінгі қашықтықта шеберлік сынасты. Жарыста үздік шыққан мергендерге арнайы дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды.

М.ҒАЛЫМҚЫЗЫ

Газетіміздің келесі нөмірі 11 шілде, сейсенбі күні шығады